

**ЖШС «Нұрлан-К.А» «Күншуақ» балабақшасының
№ 4 педагогикалық кеңес хаттамасы**

Наурыз 2026 жыл

Өтетін орны: Күншуақ балабақшасы

Қатысқандар: -6

Кеңес төрағасы: Н.Ж.Шильманова

Хатшы: М.Е.Нұржанова

Күн тәртібі :

1. «Балалардың өз қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау мәдениетін қалыптастыру».
2. «Отбасы және балабақша ынтымақтастығы – табысты тәрбиенің кепілі».
3. «Тәрбиеші еңбегіндегі инновациялық әдістемелер».

1-мәселе

«Балалардың өз қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау мәдениетін қалыптастыру»

Баяндамашы: Проблемалық топ Ф.И.Конирбаева

Тыңдалды:

- Балалардың қауіпсіздік ережелерін меңгеруі және күнделікті өмірде қолдануының маңызы атап өтілді.
- Өрт, электр қауіпсіздігі, жолда жүру ережелері және тұрмыстық жарақаттардың алдын алу бойынша әдістемелік нұсқаулар ұсынылды.
- Балалардың жеке бас гигиенасын сақтау дағдыларын қалыптастыру жолдары көрсетілді.

Ұсыныстар:

- Әр топта «Қауіпсіздік ережелері бұрышы» жасақталсын;
- Ай сайын қауіпсіздік тақырыбына арналған ашық сабақтар өткізілсін;
- Балалармен «Денсаулық күні» шаралары ұйымдастырылсын.

2-мәселе

«Отбасы және балабақша ынтымақтастығы – табысты тәрбиенің кепілі»

Баяндамашы: Әдіскер Ж.Аманжоловна, тәрбиешілер

Тыңдалды:

- Ата-анамен өзара қарым-қатынас орнатудың тиімді жолдары қарастырылды.
- Отбасының тәрбиелік рөлі және балабақшадағы тәрбие жұмысының өзара байланысы талқыланды.
- Ата-аналармен ынтымақтастық орнатуда «Ашық есік күндері», бірлескен жобалар мен мерекелік шаралардың маңызы атап өтілді.

Ұсыныстар:

- Әр топта ата-аналар комитетінің жұмысы жандандырылсын;
- Ата-анамен бірлескен «Отбасылық құндылықтар» жобасы іске қосылсын;
- Балалардың жетістіктері бойынша ата-аналарға тұрақты ақпарат беріліп отырсын.

3-мәселе

«Тәрбиеші еңбегіндегі инновациялық әдістемелер»

Баяндамашы: Әдістемелік бірлестік жетекшілері

Тыңдалды:

- Тәрбиешілердің педагогикалық тәжірибесінде қолданылып жүрген инновациялық әдістемелер талқыланды.

– Ойын арқылы оқыту, жобалық әдіс, STEAM технологияларын қолдану тәжірибесі көрсетілді.

– Инновациялық әдістердің балалардың танымдық белсенділігін арттырудағы тиімділігі аталды.

Ұсыныстар:

– Тәрбиешілер өз тәжірибесінде жаңа әдіс-тәсілдерді енгізсін;

– Инновациялық әдістер бойынша тәжірибе алмасу семинарлары өткізілсін;

– Жыл соңында «Үздік инновациялық әдіс» байқауы ұйымдастырылсын.

Қабылданған шешімдер:

1. Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау мәдениетін қалыптастыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
2. Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған бірлескен іс-шаралар өткізілсін.
3. Инновациялық әдістерді қолдану тәжірибесі кеңейтіліп, үздік педагогикалық бастамалар қолдау тапсын.

Төраға:
Хатшы:



Н.Ж.Шильманова
М.Е.Нұржанова